

«Келісілді»

**Атырау облысының
қорғаныс істер жөніндегі
департамент бастығы полковник
полковник __ Б. Акбалиев**

«__» _____ жыл

«Бекітемін»

**Атырау аймақтық дене
тәрбиесі және спортты
дамыту орталығының
директоры __ С.Жекенов**

«__» _____ жыл

**Әскери-патриоттық клубтар арасында «Жас сарбаз» пневматикалық
мылтық пен тапанша атудан облыстық сайысын өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже «Жас сарбаз» облыстық біріншілігінің ақтық мәресінің (бұдан әрі – Облыстық біріншілік) мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін және қаржыландыруды анықтайды.

1.2 Облыстық біріншілікті Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы Атырау облысы Қорғаныс істері жөніндегі Департаментімен бірлесіп, ұйымдастырады.

2. Облыстық біріншіліктің міндеті мен мақсаты:

2.1. Облыстық біріншіліктің міндеттері:

- президенттік тестіні тапсыруға дайындау;
- әскерге дейінгі жастарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына дайындау.

- жарыс негізінде оқушылардың бастамашылдығын және дербестігін дамыту;

- аудандар арасында ынтымақтастық пен достықты нығайту.

2.2. Облыстық біріншіліктің мақсаты:

Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау және дамыту бойынша жұмыстардың мазмұнын жетілдіру.

2.3. Әділ қазылар алқасының құрамын Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы қалыптастырады.

2.4. Облыстық біріншіліктің ұйымдастырушылары Ұйымдастыру комитетін қалыптастырады.

3. Өткізу орны мен мерзімі

3.1 Облыстық біріншілік Атырау қаласында __ жылы __ __ күні сағат __-да, №__ орта мектебінде өтеді. Қатысушылардың келу күні мен мандаттық комиссия мәжілісі __ __, сағат __-де Атырау

аймақтық дене тәрбиесін және спортты дамыту орталығының ғимаратында өткізіледі.

3.2 Біріншілік 4 кезеңнен тұрады:

- 1) бірінші кезең – мектепшілік, колледжішілік;
- 2) екінші кезең – топтық
- 3) үшінші кезең - аудандық (қалалық);
- 4) төртінші кезең – облыстық.

4. Облыстық біріншілікке қатысушылар

4.1. Облыстық біріншіліктің ақтық мәресіне аудан-қалаларда өткізілген жарыста жеңімпаз атанған командалар қатысады. Облыстық біріншілікке команда құрамы жалпы орта білім беретін мектептің оқушылары мен колледж студенттерінен 13-15 жас аралығынан 2 ұл, 2 қыз, 16-17 жас аралығынан 2 ұл, 2 қыз қатынасады. Бір АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жетекші болуы керек.

4.2. Облыстық біріншілікті өткізу орнына дейін жету жолында, іс-шараны өткізу барысында және тұрғылықты жерге қайту жолында қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік аудандардың, қалалардың білім бөлімдері анықтаған топ жетекшісіне жүктеледі.

Әрбір қатысушы Облыстық біріншілікті өткізу орнына дейін жету кезінде, Облыстық біріншілікті өткізу барысында және тұрғылықты жерлеріне кері қайту кезінде өз заттарының қауіпсіздігіне жауапты.

4.3. Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттар болуы тиіс:

1) білім алушылардың және топ жетекшілерінің Облыстық біріншіліктің аудандық, қалалық кезеңдерінің өткізу қорытындысы және Облыстық біріншілікке қатысу үшін жолданғаны туралы білім бөлімінің басшысының бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәлімет (Т.А.Ә., туған күні, айы, жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру мекемесінің мекен-жайы, тұрғылықты мекен-жайы, телефоны, номинациясы, жұмыстың атауы, топ жетекшісінің Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны, дәрігердің қолы және мөрімен расталған, дене жүктемелеріне рұқсаты бар денсаулығының жағдайы туралы анықтамасы, фотосуреті бар және білім беру ұйымының мөрімен және қолымен расталған оқу орнынан анықтама, қауіпсіздік ережесімен танысқан қолы);

3) барлық қатысушылар мен топ жетекшілерінің жеке басын куәландіретін құжаттарының көшірмесі;

4) топ жетекшілерінің іссапар куәліктері;

5) қатысушылардың ата-аналарының сенімхаттары.

4.4. Әрбір команда мүшесінде және топ жетекшісінде далалық әскери киім нысаны (камуфляж) болуы тиіс.

4.5. Әрбір команда дәріхана қорапшасын және пневматикалық мылтық пен тапанша, оның оқтарын (пульки) алып келуі тиіс.

5. Облыстық біріншіліктің бағдарламасы

5.1. Пневматикалық мылтықтан ату.

Кіші топ 13-15 жас аралығындағы қатысушылар – 2 ұл және 2 қыз.

Атыс ашық көздеуіш нысанасы бар пневматикалық мылтықтан жүргізіледі. Ату дистанциясының арақашықтығы – 10 метр № 8 нысана. Атыс жайы – қолды тіреуішке тіреп, тұрып ату. Атыс саны - 8 (сынамалы атысы - 3, есепке алынатын атыс - 5). Атуға бөлінген уақыт – 10 минут.

Үлкен топ 16-17 жас аралығындағы қатысушылар – 2 ұл, 2 қыз.

Атыс ашық көздеуіш нысанасы бар пневматикалық мылтықтан жүргізіледі. Ату дистанциясының арақашықтығы – 10 метр № 8 нысана. Атыс жайы – қолды тіреуішке тіремей, тұрып ату. Атыс саны - 8 (сынамалы атысы - 3, есепке алынатын атыс - 5). Атуға бөлінген уақыт – 10 минут.

Пневматикалық тапаншадан ату.

Үлкен топ 16-17 жас аралығындағы қатысушылар – 2 ұл, 2 қыз.

Атыс пневматикалық тапаншадан жүргізіледі. Ату дистанциясының арақашықтығы 10 метр № 9 нысана. Атыс жайы – қолды тіреуішке тіремей, тұрып ату. Атыс саны - 8 (сынамалы атысы - 3, есепке алынатын атыс - 5). Атуға бөлінген уақыт – 10 минут.

Командалық есеп нәтижесіне қосынды ұпай кіреді, егер ұпай тең болған жағдайда ондыққа көп тигізген командаға жеңіс беріледі.

Бірдей командалық ұпайлар мен жеке біріншіліктер болған жағдайда, орындар ату бойынша жарыс ережелеріне сәйкес айқындалады.

Қаржы шығындары

Сайысты өткізуге байланысты шығындар (марапаттау, төрешілер алқасы, дәрігер) Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының есебінен. Қатысушылардың шығындары (жолы, жататын орны, тамақтануы) сайысқа жіберетін мекеме есебінен.

Марапаттау

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының диплом, медальдармен марапатталады.

Ұйымдастыру алқасы
Тел. 27 12 10

**Мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің арасындағы
«Жас сарбаз» пневматикалық мылтық пен тапанша атудан облыстық
сайысына қатысуға
ӨТІНІШ**

Білім беру ұйымы _____

(толық аталуы, мекен-жайы, телефон, факс, e-mail)

Команданың аталуы _____

Команда жетекшісі _____

(аты-жөні, байланыс телефоны, e-mail)

Қатысушылар тізімі


№ р/р	Аты-жөні, тегі (толығымен)	Туған күні	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмері, кім қашан берілді	Оқу орны. Байланыс телефоны	Дәрігердің қолы, мөрі	Қауіпсіздік ережесімен танысқан қолы
1						

Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларының қолы, мөрі

Ескерту: команда жетекшілері жоғарыда аталған телефон нөмері мен электрондық пошта мекен-жайына (поезд, автокөлік) баратын күні мен уақыты туралы бір апта бұрын Атырау аймақтақ дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығына хабарлауы қажет.

ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ

Мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің арасындағы
«Жас сарбаз» пневматикалық мылтық пен тапанша атудан облыстық
сайысына
қатысушының



Спорт түрі _____

(Мектептің мөрі бұрышына басылады)

М.О. мектеп, колледж

Т.А.Ә. _____

Туған жылы _____

Спорт разряды _____

Оқу орны _____

Мектеп директоры (колледж) _____

(Т.А.Ә. қолы)

